

**Шығыс Қазақстан облысы Риддер қалалық мәслихатының
учаскелік сайлау комиссияларының құрамына өзгерістер енгізу туралы
ХАБАРЛАМА**

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының (бұдан әрі – Сайлау туралы Конституциялық заң) 10-бабына сәйкес Шығыс Қазақстан облысы Риддер қалалық мәслихаты учаскелік сайлау комиссияларының құрамына өзгерістер енгізу туралы хабарлайды.

Әрбір саяси партия тиісті сайлау комиссиясының құрамына бір үміткер ұсынуға құқылы.

Саяси партия сайлау комиссиясының құрамына осы саяси партияның мүшесі болып табылмайтын үміткерлерді ұсынуға құқылы.

Егер бірде-бір саяси партия ұсыныс енгізбесе, мәслихаттар басқа қоғамдық бірлестіктердің және жоғары тұрған сайлау комиссияларының ұсыныстары бойынша сайлау комиссиясын сайлайды.

Саяси партиялар, өзге де қоғамдық бірлестіктер, олардың құрылымдық бөлімшелері және құрылатындарға қатысты жоғары тұрған сайлау комиссиялары **2026 жылғы 8 сәуірден 17 сәуірге дейін (қоса алғанда)** мәслихатқа мынадай құжаттарды ұсынады:

1) электрондық және қағаз жеткізгіштегі белгіленген нысандағы сайлау комиссияларына үміткерлер туралы мәліметтер;

2) саяси партияның, қоғамдық бірлестіктің немесе олардың филиалдарының (өкілдіктерінің) не жоғары тұрған сайлау комиссиясының тиісті сайлау комиссияларының құрамына үміткерлер ұсыну туралы шешімінен үзінді;

3) саяси партияны, қоғамдық бірлестікті немесе олардың филиалдарын (өкілдіктерін) тіркеу құжатының көшірмесі;

4) үміткерлердің белгіленген нысан бойынша сайлау комиссиясының жұмысына қатысуға келісімі туралы өтініштері.

Сайлау комиссияларының мүшелігіне үміткерлердің ақпараттық нысандары және сайлау комиссияларының құрамына кіруге келісімі туралы өтініштер мәслихаттың веб парақшасында орналастырылған.

Сайлау комиссиясының мүшелігіне ұсынылатын адам Сайлау туралы Конституциялық заңның талаптарына сәйкес болуға тиіс.

Сайлау комиссиясының мүшесі осы комиссияны тағайындаған мәслихат орналасқан әкімшілік-аумақтық бірлік шегінде мекендеуге тиіс.

Сайлау туралы Конституциялық заңның 23-бабының 3-тармағында көзделген сайлау учаскелерін құру жағдайларын қоспағанда, сайлау комиссиясы мүшелерінің жартысынан астамы бір ұйымның қызметкерлері болмауы тиіс.

Бір сайлау комиссиясының құрамына жақын туыстары (ата-аналары, балалары, асырап алушылар, асырап алынғандар, толық және толық емес аға-інілер, ата-әжелер, немерелер) немесе жұбайлар кіре алмайды.

Мәслихатқа қағаз жеткізгіште ұсынылатын барлық құжаттар қол қойылған, мөрмен бекітілген және орындалған күні, құжаттарды ұсынған адамның жеке басы, оның ішінде тегі, аты-жөні, телефон нөмірі көрсетілуі тиіс.

Сайлау комиссияларының құрамы туралы ұсыныстар **2026 жылғы 17 сәуірге дейін (қоса алғанда)** дүйсенбіден жұмаға дейін, сағат 8.00-ден 17.00-ге дейін, түскі үзіліспен сағат 12.30-дан 13.30-ға дейін қабылданады.

Риддер қалалық мәслихаты

Нужных Евгения Сергеевна – Риддер қалалық мәслихатының төрағасы.

Мәслихаттың орналасқан жері: Риддер қаласы, Семенова к-сі, 19.

Жауапты тұлғалар – Козина Александра Михайловна, Шлемова Яна Евгеньевна каб. № 30, қалааралық телефон коды (872336), қызметтік телефон нөмірлері 7-81-88 электронды пошта k.maslikhat@akimvko.gov.kz.

Риддер қалалық мәслихаты учаскелік сайлау комиссияларының құрамына өзгерістер енгізеді

№ р/н	Сайлау учаскесінің нөмірі	Сайлау комиссиясының орналасқан жері	Сайлау комиссиясы мүшелерінің саны
1	2	3	4
Учаскелік сайлау комиссиялары			
1	123	Риддер қаласы, Индустриальная к-сі, 15	4
2	124	Риддер қаласы, Горноспасательная к-сі, 25	2
3	125	Риддер қаласы, Кирова к-сі, 1	2
4	126	Риддер қаласы, Безголосова к-сі, 16	2
5	127	Риддер қаласы, Ермаков к-сі, 1	3
6	128	Риддер қаласы, Семипалатинская к-сі, 10	5
7	129	Риддер қаласы, алтыншы ықшамаудан, 8	2
9	131	Риддер қаласы, Тохтаров к-сі, 17а	1
10	133	Риддер қаласы, Лениногорский лесхоз а., Лесхозная к-сі, 32	2
11	134	Риддер қаласы, Кунаев к-сі, 27	1
12	136	Риддер қаласы, үшінші ықшамаудан, 23	2
13	137	Риддер қаласы, үшінші ықшамаудан, 23	2
14	139	Риддер қаласы, төртінші ықшамаудан, 28	2
15	141	Риддер қаласы, бесінші ықшамаудан, 7	2
16	142	Риддер қаласы, Абай даңғылы, 86	1
17	143	Риддер қаласы, Толстой к-сі, 24а	2
18	144	Риддер қаласы, Абай даңғылы, 65	3
19	145	Риддер қаласы, Луговая к-сі, 4	4
20	146	Риддер қаласы, Буровая к-сі, 3	4
21	1126	Риддер қаласы, Поперечное а., Новая к-сі, 28/1	1
22	1127	Риддер қаласы, Тохтаров к-сі, 4а	1